

«Өзін-өзі билеген ел бақытты» демекші 130-дан астам ұлт өкілдері тұратын көп ұлтты мемлекетіміздің біртұтастығын әрдайым сақтап, уыстан шығармайтын, өз іліне өзі басшы бола алатын жеткіншектерді тәрбиелеу- бүгінгі таңның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Тәрбие отбасынан басталады.

Бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз- алған білімін, тәрбиесін болашақ өмір тәжірибесінде орынды да дұрыс қолдана білетін, алдына қойған мақсатына жетуге ынталанатын, жан-жақты, өздігінен шешім қабылдай алатын түлек ті тәрбиелеу .

Қай заманда болмасын ата-бабаларымыз жастардың қабілетті, сауатты, дамыған, білімді болып қалыптасу назар аударған. Адам оқылмаған кітап сияқты, әр парағын оқыған сайын оның бойындағы бұрын ашылмаған жаңалықтар ашылады. Сенің алдыңда отырған тәлімгерлерің де сол жұмбақ кітаптың парағы. Сен әр парақты суы толып тұрған ыдыстың суын төгіп алмау үшін абайлап жүретінің сияқты абайлап ашып, ондағы құнды дүниелерді танып, білуің керек. Әр тұлғаның өзіне тән ерекшеліктері бар. Жеке тұлғаның ерекшеліктерін танып-білу оңай жұмыс емес бұл бір, екіншіден сен сол тұлғаның өзін-өзі тануына әсерінді тигізуің керек.

Адамның өзін-өзі тани білуі әр заманның өзекті мәселелерінің бірі болғандықтан, газет, кітап, журнал баспасөз беттерінен еш тыс қалмаған. Ол тек бүгінгі таңдағы ашылып отырған тың жаңалақ емес, өткен ғасырларда да осы тақырыпты сөз еткен қаламгер, ақындарымыз баршылық. Тәрбие туралы қаншама кітаптар, мақалалар, нақыл сөздер жарыққа шықты, шығып та жатыр.

Мысалы, Ыбырай Алтынсаринның әңгімелерін алайық. Ыбырайдың әңгімелерінің кез келгенін алсаң да, тақырыбы бала тәрбиесі.

«Әке мен бала» әңгімесінде жердегі жатқан ескі тағаны үлкеннің сөзін тыңдамай, жерден көтеріп алмаған әке мен бала туралы айтылады. Әкесі үндемей өзі еңкейіп тағаны жерден алуы, кейін сол тағаны ұсталарға сатуы, шие сатып алуы, баласын қызықтыруы, бір еңкеюге ерінген баласының жерге түскен шиені алып жеу үшін бірнеше рет еңкеюі – бұның бәрі әкесінің баласын өзінше тәрбиелеуі деп ойлаймын. Әкесі бұйырып, балаға тағаны көтертуіне де болар еді ғой. Бірақ ол өйтпеді. Бұнда өзін-өзі танудың басты мәселесінің бірі- **әркімнің өзіне деген өмірлік жолды таңдай білуі, соған тұрақтауын** сөз етсек, әкесінің

өзіндік өмірлік тәжірибесі қалыптасқанын, тәрбие беру жолын да дұрыс таңдағанын айтар едім. Мүмкін бұл оқиғадан кейін баласы ойланар, әкесі баласын **өзін-өзі тәрбиелеуіне** итеріп тұр деген ой қалыптасады. Ал сенің ойың қандай?

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» деген шығармасында он жасар ұлынан атасы өрмекшінің, құмырсқаның, қарлығаштың не істеп жүргенін сұрайды. Баласы әрқайсысының жасап жүрген жұмысын көргеніндей айтып береді. Сонда әкесі: Өрмекші өзіне азық ретінде маса-шыбынға тұзақ құрып жүргенін, құмырсқаның тапқан тамағын өзі жемей балаларына апара жатқанын, қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жинап жүргенін айтып береді. Бұл шығармадан қандай ұсақ жануардың болса да еңбектеніп, тер төкпей күн көру мүмкін еместігіне баласының көңілін аудартуын көздеп отырған әке бейнесін көруге болады. Ата-анамен баланың арасындағы махаббат та бұл жерде айтылғаны айдан анық. Ыбырай өмір сүре білудің өзі күрес екенін шегелеп айтып отыр.

К.Хорнидің: «Өзін-өзі талдамай адам санасы жетілмейді, тіршілігі ширамайды. Аддамның өзін-өзі талдауы: мінез-құлықтағы көрініс берген бұзуларды түсінуге жол ашу, түрлі бөгеттерден арылу мен қателіктерді қайталамаудың амал-әрекеттерін іздестіру» деген сөзінде айтылғандай бала өзін-өзін анып қана жетістіктерге жетеді. Бұл жерде «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса, жұмасына бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен өзің есеп ал» деген ұлы ақынымыз Абайдың сөзін де еске алғанымыз жөн шығар. Абайдың бұл ойымен мен келісемін. Адам қандай жаста болса да өзін-өзі танып, тәрбиелеуін тоқтатпауы қажет. Бұл өмір заңы, әр күн сайын адам әр қырынан танылуы әбден мүмкін. Біз сол қырлардың ашылуына итеруші күш бола білуіміз керек-ті.

Ұлы Абай «Тоғызыншы қара сөзінде» «Осы мен өзім-қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ... деп ренжіп жазады. Сонда Абайдың айтуынша қазақтардың бойында іліп аларлық бір жақсы қасиет болмағаны ма?! Абай бұл тұста өзінің айналасындағы адамдардың

тұла бойын байлық пен мақтаншақтық бойын барынша жаулап алған адамар туралы айтып тұрған шығар деп ойлаймын. Бес саусақ бірдей емес, сондықтан ақын қасындағы игі жақсылар кім білсін, заңдылыққа, салтқа бағынғандықтан бойындағы жақсы қасиеттерді жүрегінің түкпіріне тығып қойған да болар, сол түкпірде жатқан құндылықты судың бетіне шығаруға не қауқар жоқ, не күш жоқ, сол себепті олар тұншыққан күйі тұншығып жата берді емес пе? Ал бүгінгі күнде сәби кезінен баланың бойына біткен ерекшеліктерін ашуға барынша мүмкіндіктер жасалған. Менің білуімше, қазақ жақсы қасиеттерге бай. Қазақтың бойында мұхит тұңғығында жатқан әркімнің қолы жете бермейтін меруерт, маржан тастар сияқты бағалы да қасиетті құндылықтар, адамгершілік қасиеттер жетерлік. Тек сол қасиеттерді керек жерінде, орынды қолдана білсек қой шіркін! Жастарды соған бейімдеу біздің күнделікті міндетімізге айналуын қадағалап-ақ отырмыз.

Абай атамыз баланың адам болып қалыптасуына үш нәрсенің- ата-анасы, мұғалімі, қоршаған ортасының тигізер әсерінің молдығын айтып кеткен –ді. Қарап тұрсақ, бұл шындыққа жанасады. Адам ата-анадан есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы ... есті кісілердің қатарына қосылады деп те атамыз айтпап па еді?! Ендеше баланың тәрбиелі, мәдениетті, жан-жақты болып өсуіне, өзін-өзі тануына тек мектеп тәрбиешісі мен мұғалімінің ғана әсері бар деп ойламағанымыз жөн. Баланың ашылуына, өзінің ойын ашық жеткізе білуінде әке-шешенің де, қоғамның да ролі зор. Мінезі тұйық баланың неге икемі барын, нені сүйетінін ата-анадан артық кім біледі? Соны естен шығармасақ...

Баланың өзін-өзі танудағы әдіс-амалдарын жүзеге асыру өзіне, ата-анасына, мұғаліміне байланысты екендігіне дау жоқ. Осы жерде Бауыржан Момышұлының «Адамға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген» деген сөзін айта кетуді жөн көріп отырмын. Себебі өз өмірін жақсарту тек адамның өз қолынан ғана келетініне еш шүбә жоқ.

Адам болып дүниеге келген соң Т.Ізтілеуов айтқандай бойыңнан «Адамдық иісің аңқып тұрса» нұр үстіне нұр болар еді.

